

АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Тақырыбы: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ
ЖӘНЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ

Тексерген: Ақбаева Г

Орындаған: Башенов Е Мейірхан А

Тобы: ПО-14-11

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Экологиялық құқықтың мәні — бұл экологиялық-құқықтық нормалардың қолданылу саласында қалыптасатын тарихи тұрғыда қазіргі және болашақтағы ұрпақтар мүдделері үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында табиғи объектілерді сақтау, жақсарту, қалпына келтіру, тиімді пайдалану тұрғысында міндетті түрде мемлекеттің қатысуы жағдайында азаматтар мен ұйымдар арасындағы өндірістік қатынастармен байланысты болуы.

Экологиялық қатынастар дегеніміз — бұл объектісі табиғат пен оның құрамындағы элементтер болып табылатын қатынастарды айтамыз

Экологиялық қатынастар субъектілеріне мыналар жатады:

1. Қазақстан Республикасы, себебі біздің мемлекетіміз табиғат ресурстарының меншік иесі болып табылады.
2. Шетелдік мемлекеттер — Қазақстанның табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша экологиялық қатынастардың субъектілері болып табылады, республикаға табиғи ортаға келтірген залалы үшін жауап береді (шекаралық су объектілері бойынша бірлесіп су пайдалануы және т.б.).
3. Заңды тұлғалар.
4. Жеке тұлғалар.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы және табиғи ресурстарды пайдалану құқығы

Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны үш заңдылық болып табылады: иелену құқығы, пайдалану құқығы, билік ету құқығы.

Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

Пайдалану құқығы табиғат объектілерінен қоғамның қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалы қасиеттерін алудың заңдылық тұрғысында қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады.

ЭКОЛОГИЯ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

Экологиялық құқық бұзушылықтың объектісіне айналадағы табиғи ортаны қорғау және сақтаумен байланысты қоғамдық қатынастар жатады. Бұл қатынастар өзінің мазмұнына қарай табиғи ресурстарға меншік құқығын, табиғи пайдалану құқығы, айналадағы табиғи ортаны зиянды зардаптардан қорғау, экологиялық құқықты және адамдар мен азаматтардың заңды мүдделерін қорғау және т.б болып табылады.

Табиғаттың
ластануы дегенде біз оған
тән емес агенттердің енуі
немесе бар заттардың
концентрациясының
(химиялық, физикалық,
биологиялық) артуын,
санның нәтижесінде
қолайсыз әсерлер туғызуын
түсінеміз. Ластандырушы
заттарға тек улы заттар ғана
емес, зиянды емес немесе
ағзаға қажет заттың
оптималды
концентрациядан артық
болуы да жатады.



Жердің құқықтық жағдайы, оны құқықтық қорғау және экологиялық құқықтағы жауаптылық

Қазақстан Республикасының жер қоры дегеніміз – мемлекет меншігіндегі, оның аумағын түгел қамтитын жер шарының құрылықтағы бір бөлігін айтамыз.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 1 тарауының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

1. ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
2. елді мекендердің (қалалардың, ауылдың елді мекендердің) жері;
3. өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер;
4. ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы және тарихи мәдени мақсаттағы жер;
5. орман қорының жері;
6. су қорының жері;
7. босалқы жер.

A close-up photograph of several dandelion seed heads against a bright blue sky. The seed heads are white and fluffy, with some in sharp focus and others blurred in the background. In the bottom left corner, a green, unopened dandelion seed head is visible. The text "Назарларыңызга рахмет!!!" is overlaid in the center in a bold, red, sans-serif font.

**Назарларыңызга
рахмет!!!**